

Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округінің Толағай ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 25 маусымдағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 маусымда № 7235 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округі әкімінің 13.10.2020 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңы 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңы 10-1 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Көкпекті аудандық аумақтық инспекция басшысының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 01-22/189 ұсынысы негізінде, Көкпекті ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округінің Толағай ауылында мүйізді ірі кара малдардың арасында бруцеллез инфекциялық ауруына қарсы ветеринарлық – санитарлық іс – шараларды жүргізу және ошақты жою үшін шектеу іс – шаралары белгіленсін.

Көкпекті ауданының "Көкпекті ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Шығыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің аудан аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы шешімнің ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімінің интернет – ресурсында орналастырылуын.

Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау өзіме қалдырамын.

Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

К. Алгазинов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК